

Тексерілді:

«Нұрби» мектеп бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі

Мирананова М.А.



Ертеңгілік



Такырыбы: Төрле-төрле Жаңа жыл!

Орындаған: Сатынбекова Қаршыға Суинди

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. Ертеңгілік барысында балаларды персонаждарға бөліп, өздері кейіпкерлендіруді ұсыну. Өндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру. Өлеңдерді мәнермен айтып, ертеңгілікте достық сезімдерін ояту, ән, тақпақ арқылы сөздік қорын дамыту.

Ертеңгілік барысы: Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем әуенмен әдемі киінген балалар.

Жүргізуші: Құрметті балалар, ата-аналар, қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл құт береке әкелсін! Балаларыңызбен бірге бақытты болыңдар!

Біздің: «Қош келдің, жаңа жыл» ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Бақыт, шаттық, тыныштық

Ит жылы әкелсін бәрімізге

Жүргізуші: Балалар орындауында ән «Кел, кел, Жаңа жыл» балалар шыршаны айналып жүріп айтады.

Жүргізуші: Балалар орнымызға отырайық. Ал ендеше жаңа жыл туралы тақпақтарымызды айтайық.

Қ.Мадияр:

Кел балақай шырша дайын

Қол ұстасып ән салайық

Жаңа жылдың жарқын айын

Өнмен бимен қарсы алайық.

Д.Мадияр:

Не ойласаң жаңа жыл

Орындалады бар арман

Жаңа жылды сондықтан

Күтеді барлық балалар.

Жүргізуші: Балалар, Аяз Атаны шақырайық, естімейтін шығар, қатты дауыстап шақырайық!

Балалар: Аяз Ата, Аяз Ата, Ақшақар! (2-3рет)

Әуенмен Гном жүгіріп келеді.

Гном: Хат бар, хат бар! Сәлеметсіздерме балалар! Қонақтар!

Жүргізуші: Хат дейсізбе, бұл хат кімнен?

Гном: Аяз атадан оқыңыз.

Жүргізуші: Хатты оқиды. Сәлеметсіздерме балалар! Жаңа жыл құтты болсын! Асығып келе жатқанымда сыйлығым шашылып қалды. Мен келгенше Ақшақарды шақырып алыңыздар. Олай болса Ақшақарды шақырайық.

Балалар: Ақшақар, Ақшақар. Осы кезде әуенмен Ақшақар келеді.

Ақша қар: Сәлеметсіз бе, балалар!

Сәлеметсіз, бе қонақтар!

Жаңа жыл құтты болсын!

Жаңа жыл сізге зор денсаулық, мол бақыт әкелсін!

Жүргізуші: Төрлетіңіз Ақшақар біздің балаларымыздың орысша тақпақтарын тыңдаңыз.

Тақпақтар: Қуандық. Мунира.Муниса. Айару. Айқын. Ақбота. Ғалымжан

Ән:

Балалар:

Ақшақар: Балалар, Аяз атаны шақырайық, шыршамыз көңілсізғой шамдарын жағып берсін.

Балалар: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата!

Аяз ата:

Амансыңба, ұлдарым

Есенсізбе бе қыздарым

Қандай жарқын жүздерің

Қандай әсем жырларың

Асулармен алысқан

Асау желмен жарысқан

Қасымда бар Ақшақар

Ол да ренжіп қалмасын

Ең бақытты балалар

Оған да ән,би арнасын!

Жүргізуші: Рахмет, Аяз Ата! Аяз Ата, қараңызшы біздің шыршамыздың шамдары жанбай тұр. Шырша шамдарын сиқырлы таяғыңызбен жағып беріңізші.

Аяз Ата: Қуант, бізді, таңырқат. Шамдарыңды жарқырат! шыршаны жағады.